

III МОДУЛЬ ОТБАСЫ

1-сабақ Менің отбасым



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

ата-ана

ата

әже

әке

ана

аға

әпке

іні

сіңлі

қарындас

Отбасыңызда кімдер бар?
Неше балаңыз бар?
Сіз үйленгенсіз бе?
Сіз тұрмыстасыз ба?



2. Оқыңыз. Жоғарыдағы суретті толтырыңыз.

Сәлем. Атым – Абылай. 7-сыныпта оқимын. Менің отбасым үлкен. Отбасымда атам, әжем, ата-анам, ағам, әпкем, қарындасым, інім бар. Атамның аты – Дос. Әжемнің аты – Қазира.

Олар – зейнеткерлер. Әкемнің аты – Қанат. Оның мамандығы – заңгер. Әкем Қазыбек би аудандық сотында жұмыс істейді. Анамның аты – Назым. Анам – №3 қалалық емханада дәрігер. Ағамның аты – Әділет. Ол – жеке кәсіпкер. Әпкемнің аты – Еңлік. Әпкем студент. Қарындасым мен інім бар. Інімнің аты – Әділ. 4-сыныпта оқиды. Қарындасым балабақшаға барады. Аты – Ақина.



3. Мәтіннің көмегімен толықтырыңыз.

Үлгі:

Менің ата+м+ның аты – Дос.



Абылай

_____ аты – Қазира.
 _____ аты – Қанат.
 _____ аты – Назым.
 _____ аты – Әбілет.
 _____ аты – Еңлік.
 _____ аты – Әбіл.
 _____ аты – Ақина.

Тәуелдік жалғауы
 + ілік септік
 Менің ата+м+ның
 іні+м+нің

Зат есім+тәуелдік жалғауы+ілік септік

Менің бала+м+ның аты –
 Сенің бала+ң+ның аты кім?
 Сіздің бала+ңыз+дың аты кім?
 Оның бала+сы+ның аты кім?



4. Сәйкестендіріп, III жақтан айтып беріңіз.

Атасы
 Әжесі
 Әкесі
 Анасы
 Ағасы
 Әпкесі
 Қарындасы
 Інісі

Қанат
 Әбіл
 Дос
 Қазира
 Ақина
 Айнұр
 Назым
 Әбілет

зейнеткер
 қарігер
 жеке кәсіпкер
 зейнеткер
 студент
 заңгер
 оқушы
 балабақшаға
 барады

Үлгі:
 Абылайдың ата+сы+ның
 аты – Дос.
 Ол – зейнеткер.

Тәуелдік жалғауы+
 ілік септік
 Оның ата+сы+ның
 іні+сі+нің



5. Мәтін бойынша әңгімелеп беріңіз.



Қанат Абылайдың әкесі.
 Мамандығы – заңгер





6. Мәтін бойынша әңгімелеп беріңіз.

1. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Абылайдың әке + сі + нің аты – Қанат.



_____ аты – Назым.



_____ аты – Әзілет.



_____ аты – Еңлік.



_____ аты – Әзіл.



_____ аты – Ақина.



_____ аты – Дос.



_____ аты – Қазира.

Зат есім + тәуелдік жалғауы
III жағы + ілік септік.
әке + сі + нің
аға + сы + ның



7. Мәтіннің көмегімен сұқбатты толықтырыңыз.

Кеңесші: Сәлеметсіз бе!

Қанат: Сәлеметсіз бе!

Кеңесші: Отырыңыз. Төлқұжатыңыз бар ма?

Сіз үйленгенсіз бе?

Қанат: Иә, үйленгенмін. Отбасым бар.

Кеңесші: Отбасыңызда кімдер бар?

Қанат: Отбасымда: _____

_____ бар.

Кеңесші: Әкеңіздің аты кім?

Қанат: _____

Кеңесші: Анаңыздың аты кім?

Қанат: _____

Кеңесші: Неше балаңыз бар?

Қанат: _____

Кеңесші: Құжаттарыңыз қауын. Сау болыңыз!

Қанат: Рақмет. Сау болыңыз!





8. Тыңдаңыз. Сұқбатты сұрақтармен толықтырыңыз.

а) - _____?

- Досымның аты – Қанат.

- _____?

- Қанат Қазыбек би аудандық сотында жұмыс істейді.

- _____?

- Иә, үйленген, әйелі, үш ұл, екі қызы бар.

- _____?

- Әкесінің аты – Дос.

- _____?

- Әйелінің аты – Назым.



ә) - _____?

- Иә, үйленгенмін.

- _____?

- Отбасымда ата-анам, әйелім, екі ұл, үш қызым бар.

- _____?

- Әкемнің аты – Дос, анамның аты – Қазира.

- _____?

- Әйелімнің аты – Назым.



9. Сұрақтарға I жақтан жауап беріңіз.

- Отбасыңызда кімдер бар?
- Ата-анаңыздың аты кім?
- Неше балаңыз бар?
- Балаларыңыздың аты кім?
- Әйеліңіздің аты кім?
- Әйеліңіз қайда жұмыс істейді?



10. Сұқбаттасыңыз.

Сәлеметсіз бе!

Танысып қояйық

Атыңыз кім?

Үйленгенсіз бе?

Мамандығыңыз кім?

Отбасыңызда кімдер бар?

Әкеңіздің аты кім?

Неше балаңыз бар?